

Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-
химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік
және әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі салалық комиссияның
2020 жылғы «11» 12 № 4-2020
хаттамасымен мақұлданған

**2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы
мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық
келісімге
№ 2 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінде 2020 жылғы «23»

Шымтоқсан № 63
тіркелген

Бердүшім Б. Бек

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

**2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық келісімге
№ 2 қосымша келісім**

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы «21» 12

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2020 жылғы «11» 12 № 4-2020 хаттамасына, 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.5-тармағына сәйкес,

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыс берушілері атынан олардың өкілетті өкілі: «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі және салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыскерлері атынан олардың өкілетті өкілдері, «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақтар) жұмыскерлері Салалық келісімге осы № 2 қосымша келісімді жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. IX «Гендерлік және жастар саясаты» деген бөлімнің 9.1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) он сегіз жасқа толмаған (кәмелет жасына) төрт және одан да артық баласы бар жұмыскердің (заңды өкілдерінің бірінің) жазбаша өтініші бойынша ұзақтығы кем дегенде күнтізбелік 2 күн қосымша төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын беру, егер жұмыскер ағымдағы күнтізделік жылы қолданбаса, келесі күнтізбелік жылға ауыстыру құқығы жоқ».

2. Осы Қосымша келісімде қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгеріссіз қалады және әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

3. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 6 данада жасалды. Сала ұйымдарында жұмыс берушілер және кәсіподақ бірлесіп, осы Қосымша келісімді қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде жұмыскерлердің назарына жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі

Төраға

«Химия, мұнай-химия және өндірістің
туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі



Төраға




С. Қалиев
К. Пірімқұлов



«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі

Төраға



Е. Мұстафина

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛІ:

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ
және энергетика кешені ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
Бас директор



Б. Ақшолақов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының
энергетика вице-министрі



Ә. Мағауов